

ӘОЖ 371:81'243

GTAMP 14.35.09

<https://doi.org/10.48371/PEDS.2025.77.2.026>

ШЕТ ТІЛІ МҰҒАЛІМІНІҢ ІЗДЕУ-ЗЕРТТЕУ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ КӘСІБИ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

*Адилжанова У.Р.¹, Аскарова Г.К.², Алиева Б.А.³

*^{1,3}Абылай хан атындағы халықаралық қатынастар және әлем тілдер
университеті, Алматы, Қазақстан

²Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Шетел тілі мұғалімдерінің іздеу-зерттеу құзіреттілігінің еңбек нарығындағы қажетті құзіреттіліктің бірі ретінде қарастырып, оны дамытуға кәсіби-қатысымдық іс-әрекетінің ерекше маңыздылығын тәжірибе түрінде дәлелдейді. Студенттердің бастапқы курстардан бастап іздеу-зерттеу қызметін дағдыландырумен қатар, жеке тұлғалық қабілеттіліктерін ашуға, жұппен жұмыс істеуге белсендіре отырып, дамуына жол беретінін көрсетеді. Мақаланың негізгі мақсаты-болашақ мұғалімдер, шетел тіл мамандарының зерттеу жұмыстарын жасау арқылы кәсіби-қатысымдық дағдысын дамытудың теориялық және тәжірибелік маңыздылығын анықтау. Мақаланың теориясында зерттеу іс-әрекетінің түрлері қарастырылып, болашақ маман иелерінің кәсіби және жеке тұлға ретінде қалыптасуына тигізетін пайдалары мен мүмкіншіліктері туралы талқылайды.

Сонымен қатар, шетел тілінде қарым-қатынасқа түсуге ынталандыру арқылы кәсіби-қатысымды дамытумен бірге іздеу-зерттеу дағдысын жетілдіруді қарастырады. Себебі студенттер шетел тілі иелерімен қарым-қатынасты белгілі бір тақырып аясында жүргізгенімен, сабақтан тыс, еркін түрде сөйлесуге мүмкіндік алады. Тақырып аясында сұқбат алу немесе пікір алмасуға дайындық барысында болашақ мұғалімдер, өз мамандығы туралы қосымша ақпарат жинақтап, саралап, қажетті стильде коммуникацияға түсуге дайындалып, шынайы өмірде қолданысқа енгізуге тырысады. Сол арқылы кәсіби-қатысымдық дағдысы дами түседі.

Студенттердің іздеу-зерттеу жұмысымен айналысу үрдісінде қолданатын технологияларды анықтап, оларға сипаттама беріледі. Оның ішінде зерттеуге бағытталған тапсырмаларды орындау кезінде цифрлы технологиямен жұмыс жасау қабілетін, видео материалдар дайындау немесе ақпараттарды басқару негізінде презентация дайындау көмегімен дамытса, корпоротивті жұмыс жасау қабілетін жұппен жұмыс кезінде көрсете алады. Болашақ шетел тілі мамандарының білім беру саласында, еңбек нарығында жоғарғы сапалы маман болу үшін қажетті қабілет, білім, дағдыларыды оның ішінде әлеуметтік тапсырыстардың бірі ретінде зерттеу қабілетін дағдыландыру арқылы кәсіби-қатысымдық құзіреттілігін дамыту жолдарын қарастырады.

Тірек сөздер: іздеу-зерттеу қызметі, кәсіби-қатысым дағдылары, шетел тілі мұғалімі, жеке тұлға, зерттеу құзіреттілігі, цифрлы технология, оқу үрдісі, тұлғалық қабілет

Кіріспе

Шетел тілін арнайы мақсатта меңгеру, тілдік білімді жан-жақты қабылдап, тереңдете зерттеп, барынша қамтымаса мүмкін емес екені белгілі. Сондықтан болашақ шетел тілі мұғалімдерінің іздеу-зерттеу құзіреттілігінің бір тармағы ретінде, кәсіби-қатысым дағдысын дамытуды бірінші курстан бастаған абзал. Жоба жұмыстары, кейс-стади сияқты жұмыстар мен зерттеу іс-әрекетіне бағытталған кейбір эссе түрлері студенттердің іздеу-зерттеу құзіреттілігін бірінші курстан бастап қалыптастыруға септігін тигізеді. Шетел тілінде дискуссия жасау, талдау, талқылау, шешім қабылдау, зерттеу жұмысының үрдісін ұйымдастыру студенттің оқып жатқан тілінің арнайы бағытта- кәсіби деңгейде дамытуына, жаңа кеңістіктер ашуына көмектеседі. Талқылап отырған тақырып немесе мәселе аясында студент өзіндік зерттеу жүргізі, пікір білдіріп, бір қорытынды жасап, шешімге келсе және жұмыс нәтижесін жақын болашақта қолданысқа енгізсе (сабақтарда қолданса немесе ғылыми конференцияда, олимпиада қолданса), студенттің кәсіби іс-әрекеті, оның кәсіби-қатысымдық іс-әрекетіне ұласады.

Осы жұмыстың негізгі мақсаты-болашақ мұғалімдердің іздеу-зерттеу құзіреттілігін қалыптастыруды кәсіби-қатысым дағдысын арттыру арқылы іске асыру.

Болашақ мұғалімдердің кәсіби-қатысым дағдысын дамыту тиімді болады егер, студенттер белсенді оқу үрдісінде: 1-іздеу-зерттеу қабілетін қалыптастыру арқылы; 2-цифрлы технологиялардың көмегімен; 3-студенттердің іздеу үрдісінде белсенді және жан-жақты болуы; 4- кәсіби-қатысым әдістемесінің логикалық алгоритм ретімен іске асқан жағдайда болашақ мұғалімдер кәсіби қызметке барынша дайын болады, себебі берілген әдістемеде студенттер кәсіби-қатысım дағдысын дамытуда зерттеу қабілетін, іздеу қабілетін, цифрлы, сыни және логикалық ойлау қабілеттіліктерін дамыта, мәселелерді кәсіби деңгейде шешуге дағдыланады.

Аталған іс-әрекеттердің барлығы студенттерді іздеу-зерттеу жұмысына жетелейтін және белгілі бір дәрежеде болашақ мамандыққа, кәсіби дайындыққа алып келе алатын жұмыстар болып табылғандықтан, кәсіби-қатысымдық іс-әрекет шетел тілі мұғалімдерінде іздеу-зерттеу жұмыстары арқылы дамыта аламыз деп айтала аламыз.

Қазақстан мемлекетінің тәуелсіздік алғалы бері білім саласында соңғы онжылдықта жаңа серпілістер пайда болды. Оның бір дәлелі білім беру саласындағы мектептегі оқыту жүйесіне енгізген айтарлықтай өзгерістер- жаңартылған мазмұнда білім беру мен кәсіби стандарттар жүйесінің қалыптасуы болып отыр. Жаңартылған білім беру мазмұнын сәтті іске асыру мақсатында ғалымдар мен педагогтар көптеген еңбектерін, зерттеу жұмыстарын алға тартып, олардың біразы белгілі бір деңгейде өз қызметін атқарып жатыр десе де болады. Сәйкесінше білім беру

жүйесіндегі өзгерістер тек сабақ үрдісіне ғана емес, білім саласында жұмыс атқаратын мамандардың да кәсіби шеберлігін арттыруға талап қойып отыр. Мектеп мұғалімдерінің де атқаратын қызметтері түрленіп жаңаша бағытта дамытуына себеп болып отырған маңызды құжаттардың бірін атасақ Әділет министірлігі ұсынған «Кәсіби стандарты» [1]. Педагогтың «Кәсіби стандарты» бойынша жалпы білім беру мектептерінде мұғалімінің негізгі кәсіби функцияларының бірі –зерттеу қызметі, біздің қарастырып отырған іздеу-зерттеу қабілетін дамыту қажеттілігін анықтайтын.

Бұл ретте шетел тілі мұғалімдерінің де жаңа талапқа икемделіп, кәсіби маман болып дайындалуына болашақ мұғалімдердің кәсіби білім алу ортасында сабақ үрдісін ұйымдастыруға байланысты. Сондықтан шетел тілі мұғалімдерінің жаңа талаптарыға сай және заманауи мамандарды дайындап шығуға ЖОО-ның берер үлесі көп екені анық.

Студенттердің білікті маман болып қалыптасуын жалпы білім беру бағдарламасының негізінде ұйымдастырылатын білім беру үрдісінің ғана емес, күнделікті сабақ үрдісінің дұрыс пайдалану да үлкен әсерін тигізетіні анық. Анықтай айтанын болсақ, бағдарлама бойынша берілген тақырыптарды меңгеру барысында бір бағыттылықты емес жан-жақты дамуына, ой-өрісін кеңейте отырып, алған білімін болашақ мамандығына қолдана алтындай етіп тапсырмалар мен жаттығулар дайындағанада сабақ әрі қызықты, әрі пайдалы болатыны анық. Еңбек нарығында, шетел тілі мұғалімі болып шығатын студенттер жоғарғы оқу орнын аяқтап шыққанда, қойылатын талаптар кешенді әрі күрделі болғандықтан, студенттер әр сабақтан алған білім мен білктіліген барынша жоғарғы деңгейде игеріп, болашақта қолдана алтынына сенімді болып шыққаны абзал.

Қандайда да бір мамандықты дайындағанда сол маман иесіне қажетті құзіреттіліктердің маңыздылығын анықтай отырып іріктеп алған дұрыс. Дегенмен, бір құзіреттілікті дамыту жеке дара жүретін үрдіс емес екені анық. Бір құзіреттілікті қалыптастырып, дамыту үрдісінде бірнеше дағдылардың бірлесе қалыптаса, дамитыны анық. Тек сол қажетті дағдыларды сараптау арқылы, екпін қоя дамытуға тырысу маңызды.

Жоғарыда аталған талаптардың ішінде болашақ мұғалімдердің кешенді құзіреттілігін қалыптастыру болса оның ішінде біздің талқылап отырған маңызды құзіреттіліктердің бірі кәсіби-қатысым құзіреттілігі. Аталған құзіреттілік іздеу-зерттеу құзіреттілігін қалыптастыру негізінде дағдыланатын тиімді жолдарын қарастырамыз. Кәсіби- қатысым дағдысын дамыту шетел тілі мамандарының дайындаудағы маңызды этаптарының бірі болып саналады.

Материалдар мен әдістер


Іздеу-зерттеу құзіреттілігі дамушы мемлекеттегі еңбек нарығында мемлекеттік, әлеуметтік тапсырысы болды. Кез-келген мамандық жұмыс үрдісінде тура немесе жанама түрде зерттеу қызметін атқаруды талап етеді. Белгілі бір зерттеу жұмысын жасамаса, тағылымдамадан өту мүмкін болмай немесе тағылымдаманы нәтижесі жарамсыз болып қалады. Ал, маманның

жетістікпен және сапалы кәсіби зерттеу жасауы, зерттеу туралы білімі ғана емес, зерттеу дағдысы мен қабілеттілігін көрсете алуында анықталады. Сол себепті студенттерде ерте бастан кәсіби бағытта зерттеу жұмыстарына дағдыландыру арқылы, кәсіби-қатысымдық құзіреттілікті дамытуға септігін тигізсе болашақ мамандардың еңбек нарығында қызмет жасауға дайындығын қамтамасыз ете аламыз.

Іздеу-зерттеу жұмысының әдіснамасы белгілі отандық және шетелдік ғалымдардың теориялық және тәжірибелік еңбектеріне сүйене отырып қарастырылған. Негізгі қарастырып отырған кәсіби-қатысымдық дағдыны дамытудмен қатар іздеу-зерттеу құзіреттілігін қалыптастырудың тиімді тұстарын тауып беруге көмектесетін теориялық базаларды алға тарта отырып, тәжірибе жүзінде шетел тілі мұғалімдерін даярлау үрдісінде бейімдей ұйымдастыру керектігін ескерген абзал.


Болашақ шетел тілі мұғалімінде кәсіби-қатысымдық іс-әрекеті арқылы іздеу-зерттеу құзіреттілікті қалыптастыруда өзіндік ерекшелігі болады. Шетелдік білім беруде тек оқыту үрдісі ғана емес, сонымен бірге оқып жатқан тілдің мәдениетіне ену, тілді сол елдің ортасы арқылы меңгеру және кросс-мәдениетті реалиге түсіністікпен қарауды қалыптастыру сияқты күрделі үрдістер арқылы жүзеге асады. Бұл үрдістердің барлығы шетел тілін және оның ортасы мен құбылысын, жүйесін зерттеу, зерделеу арқылы іске асады. Академик С.С. Құнанбаеваның еңбектеріне сүйене отырып кәсіби-қатысымдық суб-құзіреттілік ретінде қарастыратын болсақ ғалымның келесідей пікірімен санасуымыз әбден қажет: «Адам шеттілдік қоғамның әлемдік көрінісін жасау үрдісінде негізі болып табылатын келесідей жағдайлар; біріншіден, тұлға ең алдымен шетелдік мәдениеттің элементтерін түсіну үшін, негізгі когнитивті моделді көрсететін өзінің білім стратегиясына сүйенеді; екіншіден, индивид, оқып жатқан тіл елінің негізгі когнитивті моделін және жаңа мәдениет білімін қолдана бастайды; үшіншіден, шетелдік мәдениет туралы қабылдау үрдісінде білімінің жоғарлауы арқылы, өзінің мәдениеті туралы жаңа жаңалықтар аша алады» [4,152 б.]. Яғни кәсіби-қатысым, шетел тілін оқытудың парадигмасы ретінде қалыптасқан, когнитивті-лингвомәдениеттану теориясының негізінде, мәдениетаралық қарым-қатынас құзіреттілігінің маңызды суб-құзерттілігі болғандықтан зерттеу дағдыларымен өзара тығыз байласты және шетел тілі мұғалімінің кәсіби қызметінің маңызды компоненті болып табылады. Шетел тілін меңгерген, мәдениетаралық қарым-қатынастың субъектісі ретінде, болашақ мұғалімдер шетелдерде өз елінің елшісі ретінде маңызды рөл атқарғандықтан, әр компоненттің өзіндік атқаратын қызметі мен ерекшелігі бар. Ал, біз қарастырып отырған кәсіби-қатысымның ерекшелігі, оның болашақ мамандарды тек қатысымға ғана емес, кәсібей деңгейде-кәсіби терминдер мен ұғымдарды, кәсіби мәдениет пен этикаларды ұстана қарым-қатынас жасауға қалыптастырады.

Кәсіби-қатысымның қолдану аясы зерттеу жұмысында келесідегі кестемен көрсетсе болады:



Сурет 1 - Шетел тілінде іздеу-зерттеу жүргізу үрдісінің кәсіби-қатысымдық іс-әрекетінің аспектілері

Кәсіби-қатысымдық құзіреттілік пен іздеу-зерттеу құзіреттілігінің арасында тығыз байланыс бар. Олар бір-бірін толықтырып, маманның кәсіби дамуына және тиімді жұмыс істеуіне ықпал етеді. Сонымен, кәсіби-қатысымдық құзіреттілік және зерттеу құзіреттілігінің өзара сабақтастығын қарастырсақ келесідей көрініс табамыз:



Сурет 2 - Кәсіби-қатысымдық дағдысы мен іздеу-зерттеу құзіреттілігінің байланысы

Кәсіби-қатысым құзіреттілігі басқа да құзіреттілікті қалыптастыру принципі негізінде суб-құзіреттіліктер немесе дағдыларды дамытудың негізінде қалыптасады. Айта кететіні, сол суб-құзіреттіліктерді анықтағанда қалыптасатын құзіреттілікпен тікелей сабақтастығы анық болса, қандай да болмасын құзіреттілікті қалыптастыру бастамасы мен үрдісі, бағыты мен нәтижесі оңынан болатындығында.

Сонымен қатар, заманауи қоғамда болашақ мұғалімдерде зерттеу құзіреттілігін қалыптастыру білім беруде маңызды міндеттердің бірі “ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМДАРЫ” сериясы №2 (77) 2025

болып отыр. Болашақ мұғалімдердің білімдерін жетілдіре келе, аталмыш бағдарламаның негізінде студенттерді ары қарай дамуына да ықпал ету болып саналады. Ал, студенттердің бакалаврды тамамдауда дипломдық жұмыс жазу тікелей зерттеумен байласнысты болғандықтан, аталмыш құзіреттілік білім алушылардың сабақ үрдісіндегі білім алу іс-әрекетінің негізі болатыны анық. Сондықтан да кәсіби-қатысым мен зерттеу құзіреттілігі өзара бір-бірімен байланыста, сабақтастықта болады. Себебі бір құзіреттілік екінші құзіреттіліктің дамуына септігін тигізіп отырады және оларды жеке дара қалыптастыру мүмкін емес екені анық.

Ю. В. Рындинаның пікіріне сүйенсек: «Болашақ мұғалімнің жаңа білім жүйесін құруға және өз бетімен білім алуға, егер тек қана өзіне білім алудың субъектісі ретінде қарап, зерттеу құзіреттілігінің мағынасын мен мәнін кәсіби іс-әрекетте нақты түсінсе, ең жақсы деген нәтижеге қол жеткізуге қызығушылық білдірсе, онда студенттердің зерттеуші ретінде шындыққа, басқа адамдарға және өзіне деген зерттеушілік, өзіндік, инициативті қатынасы зерттеу құзіреттілігін қалыптастыруда қажетті, саналы тәсілдің маңызды элементі болып табылады» [2, 229 б.]. Демек, кәсіби-қатысымдық құзіреттілік дамытуда студенттердің іздеу-зерттеу жұмысын дағдыландыру екі нысанды біріктіре отырып, студенттердің жеке белсенділіген арттыруға себеп болу керек. Зерттеуші Семенова Н.А. «Зерттеу іс-әрекетін білім алушылардың танымдық мотивтерді, зерттеу дағдысын, жаңа білім, іс-әрекет түрлерін қалыптастыратын, белсенділігімен, мақсатқа бағытталған, пәнділігі, ынталылығы және саналылығымен сипатталатын өзіндік жүйесіне сәйкес келетін ғылыми іс-әрекет» деп анықтама береді [3, 45 б.]. Яғни, білім алушы зерттеу жұмысымен айналысу арқылы білімін жетілдіре, ғылымға қызуғылығын арттыра отырып, теориялық болжамдардың практикалық шешімдерін беруге, қолданысқа жаратуға үйренеді.

Студенттер өз қызығушылығы артқан жағдайда ғана іздеу-зерттеу жұмыстарын нәтижелі жасауға талпынады, ал іздеу-зерттеу үрдісінің қай кезеңі болмасын кәсіби қатысымды кірістіріп жүзеге асыра алуына әбден мүмкін. Сонымен қатар студенттерге жұмыс барысында толық еркіндік беру, болашақ мамандардың іздеу-зерттеу жұмысына деген жауапкершілікті сезінуге әкеледі. Сәйкесінше, студенттер жұмыс нәтижесіне бар ынтасын сала, барынша пайдалы жағынан жетуге талпынады. Дегенмен, еркіндік-бақылаудан тыс деген сөз емес. Сондықтан іздеу-зерттеу жұмысында оқытушының қызметін анықтап алған дұрыс. Сонымен, оқытушының негізгі қызметі бағыттаушы, бақылаушы, кеңесші, анықтаушы болмақ.

Біз «зерттеу» және «зерттеу іс-әрекеті» түсінігін қарастырғанда, бұл түсініктер көбінесе тек ғылыми-зерттеу іс-әрекетімен байланыстырылады. Ғылыми-зерттеу іс-әрекеті-И.Н. Кузнецовтың айтуы бойынша: «Ғылыми түсінікте зерттеу-болашаққа көз жүгірте, іздене зерттеу. Ғылыми зерттеудің сыртқы факторы болатын-қиял, фантазия, арман ғылым мен техниканың шынайы жетістіктеріне сүйенеді» дейді [5, 14 б.]. Дегенмен, бір ғана қиялмен қызықтыратын тақырыпты зерттеп, гипотезаны шынайы өмірде қолдана салу мүмкін емес. Теориялық негізсіз жаңа теория жасау және ғылыми

эксперимент жасау мүмкін болмағандықтан, ғылыми зерттеуде теориялық негіз бен шынайылыққа сәйкестік өте маңызды болып табылады.

Дегенмен зерттеу іс-әрекеті тек ғылыми қызығушылықпен ғана шектелмейді. Ол оқу-зерттеу әрекеті, іздеу-зерттеу іс-әрекеті болуы мүмкін. Әрбір зерттеу нысанының әртүрлі мақсаты болады, бірақ кез-келген зерттеу іс-әрекеті зерттеу аясы бойынша зерттеушінің өзіне немесе ортаға жаңа түсініктер мен құбылыстарды ашуға және оны қолданысқа енгізуге бағытталған. Білім алушының зерттеу іс-әрекетіне қатысты әртүрлі анықтамалар беріледі. Ол зерттеу іс-әрекетінің бағытына қарай анықталады.

Зерттеу жұмысының негізгі кезеңдерінің бірі –іздеу болып табылады. Іздеу ізденіс негізі. Зерттеудің өзі ізденістен тұрады десек, зерттеудің басы мен аяғына дейін іздеу жұмысымен байланыты болады. Студенттердің зерттеуге бағытталған жұмыстары осы іздеуден басталады: 1-берілген тақырыптың немесе мәселенің өзектілігін анықтау, яғни, құбылыстардан, нормативтік документтерден тағы да басқа көздерден іздеу; 2- тақырыпқа қатысты ақпараттарды, материалдарды, деректерді іздеу; 3- зерттеу тақырыбы мен жинаған материалдар араасындағы тығыз логикалық байланысты табу; 4-зерттеу нәтижелерін тиімді әрі түсінікті жеткізудің жолын табу.

Сенімді ақпарат көздерінен тақырыпқа немесе мәселеге қатысты деректерді табудың бірнеше жолдарын қарастырса болады. Біріншісі, дәстүрлі жазбалар түрінен іздеу. Мысалы, газет-журналдар, нормативті құжаттар, ғылыми мақалалар, ғылыми еңбектерді кітапханалар, архивтерден, арнайы құжаттарды сақтау бөлімдерінен іздеп табуға болады.

Дегенмен заман талаптарына сай, тура осы ақпараттарды қазіргі заманның жаға технологияларын пайдалана сенімді арнайы сайттардан, онлайн конференциялардан, аудио-видео материалдардан жинастырса болады. Білім алушылар, студенттер мен оқытушылар арасында керекті сандық ақпарат тасымалдаушылар арқылы, интернет көмегімен тауып, жұмыс жасау өте танымал іс-әрекет түрі болды. Цифрланған материалдар, электронды кітаптар, мультимедиялық мәтіндер оқу үрдісін қызықты, еркін ете отырып қажетті оқу материалдарымен қамтамасыз ете алады. Демек жас зерттеушілердің іздеу-зерттеу жұмысын тек қағаз бетіндегі ақпараттармен ғана емес, заманауи цифрлы ақпараттармен толықтырса болады. Бұл зерттеу жұмысын әрі танымды, әрі жеңіл ете алады. Іздеу-зерттеу жұмысы тек ақпараттарды басқарудан ғана емес оны сараптаудан, талдаудан, жіктеуден, жүйелеуден және қорытындылаудан тұратынын ескерсек, студенттер зерттеу жұмысының барысында өздерінің бар назарын берілген тапсырманың негізінде жүргізілетін жұмыстарға аударып, көңілге қонымды нәтижеге қол жеткізуге талпыну арқылы, өздерінің кәсіби және жеке қасиеттерін де дамытуына үлес қоса алады. Сол себепті студенттердің зерттеу жұмысында қолданатын құралдары цифрлық технология өте тиімді болып саналады.

Педагогикалық цифрлы технология екі түрге бөлінеді:

1. Жалпы-білім беру үрдісінде қойылған мақсатқа жетуге арналған

техника немесе құрал. Бұл категорияға білім беру процессіне тиімділік пен сапаны арттыру үшін қолданылатын түрлі цифрлық құралдар мен техникылық жабдықтар жатады. Мысалы: - Ақылды тақталар-Мультимедиялық оқу құралдары (видеоматериалдар, анимация, интернет-ресурс) - Оқу платформалары мен қосымшалар (МООК, оқу үрдісін басқару системасы – LMS) - Әлеуметтік желілер мен форумдар білім алушылардың ақпаратпен алмасуына мүмкіндік береді.

2. Арнайы-білім беру үрдісін іске асыру үшін қолданылатын нұсқама, ереже ретінде (кейс технологиясы, жоба технологиясы, ойын технологиясы).

Оқу -зерттеуі білім алушылардың зерттеу жұмысының оқу үрдісі бағдарламасы негізінде қарастырады. Бұндай іс-әрекет түрі ізденушінің зерттеу жұмысына деген ынтасы мен оқудың және зерттеудің қорытындысы ретінде жұмыстың нәтижесін талап етеді. Сондықтан осындай жұмыстың соңында білім алушының жұмысқа талдау және қорытынды жасауына алып келеді. Демек, Кузнецов И. Н.-нің келесідей пікірі: “Егер оқу-зерттеу жұмысы білім беру үрдісінің бөлігі бола тұра зерттеу іс-әрекетінің технологиясы негізінде іске асатын болса, онда зерттеу жұмысының негізгі ұстанымдары мен сабақтастығы сақталады” деген сөзі өзекті болып саналады [5, 12 б.].

Зерттеу базасы. Зерттеу жұмысы Абылай хан атындағы қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдер университетінде, «Шетел филологиясы» мамандығы бойынша, ағылшын тілі бөлімінде оқитын 2-курс студенттер арасында жүргізілді. Оқу бағдарламасына сәйкес “My future profession” тақырыбы аясында “Advantages and disadvantages of teaching profession” тақырыпта зерттеу жүргізу керек. Студенттер бір уақыт өздерін журналистер ретінде қабылдап, зерттеу жұмысын жұппен жасауға тапсырма алды.

Зерттеу талаптары. Студенттер берілген тапсырмаға қатысты зерттеу жұмыстарын оқытушының нұсқаулығы мен бақылауы арқылы жүргізеді. Зерттеу барысында студенттердің қаншалықты зерттеу жұмысын атқаруы мен кәсіби-қатысымдық қабілеттіліктерді сабақтастыра жұмыс жасай алатынын анықтау қажет. Сонымен бірге осы қабілеттіліктерді дамытудың нәтижесі күзиреттілікке алып келетінін дәлелдеп, студенттердің кәсіби қызметке дайындығын қаншалықты арттыра алатынына жауаптар іздейді. Болашақ мамандыққа дайын болу үшін талқыланып отырған күзиреттіліктердің маңыздылығын айқындап, берілген тапсырма арқылы студенттердің өз мамандығына сүйіспеншілігін еселей алатындығына көз жеткізу.

Зерттеу кезеңдері. Зерттеу жұмысын жүйелі түрде логикаға сүйене орындауға алдымен жұмысты қажетті кезеңдерге бөліп алған дұрыс. Әр кезеңде берілген міндеттемелері болады, сондықтан студенттер жұмысты жүйелі түрде жоспарлап, уақыттарын тиімді басқаруы қажет. Жалпы зерттеу жұмысы төрт кезеңнен тұрады:

1. Студенттерді зерттеу жұмысының тақырыбымен таныстыру-тақырыптың маңыздылығын анықтау, тапсырманың маңыздылығын ашып беру, қойылған мақсат пен міндеттерді түсіндіру;

2. Студенттерге нұсқаулық беру- ақпараттар алуға болатын сенімді ресурстарға бақыт беру жалпы үрдістің моделін түсіндіру, мүмкін болуы нәтиженің болжамдарын айту;

3. Студенттердің жұмыс барысын қадағалау-жинақталған ақпараттар мен деректерге сараптама жасауына бағыт беру, кездескен мәселелердің шешімдерін қарастыруға, талдау жасауға бағыттау;

4. Студенттердің-соңғы жұмыс нәтижесін бағалау, берілген мәселелердің шешімдерінің тиімділігін аңқытау, пікір білдіру, кемшіліктерін түзетуге жол көрсету.

Жағдаяттық кейс: Сіз Қазақстандағы мемлекеттік газеттің бірінде журналисті болып жұмыс жасайсыз. Редактордың қолдауымен газетте «Білім және ғылым» рубрикасы ашылмақ. Қазақстан білім беру саласындағы өзгерістер мен жаңа қабылданған заңдар негізінде білім беру жүйесінде мұғалімнің атқаратын рөлі мен мамандық иесінің заманауи бағытта дамуына ықпалдарын қарастыру арқылы, Сізге сол рубрикаға жалпы білім беру мектептерінде мұғалім болудың артықшылықтары мен қиыншылықтары, негізгі қызметтері мен құқықтары туралы мақала жазу керек.

Тапсырма: Білім және ғылым саласын дамытуға бағытталған бағдарламалар негізінде сіздерге журналисттік зерттеу жүргізіп, мұғалім мамандығының қыр-сырын ашуға және шетелдік білім беру саласындағы мұғалім қызметінің ерекшеліктері мен ұқсастығын анықтап, болашақ мұғалімдерге мұғалім мамандығының мемлекет пен экономиканың дамуына ықпал ететін маңызды қызмет екенін дәлелдеу керек. Зерттеу жұмысының нәтижесі мен мақаланың басты идеяларын презентация түрінде көрсетесіз.

14 студенттен 7 жұп бірлесе зерттеу жұмысын атқаруға бекітілді. Зерттеу жұмыстың мақсаты- студенттерді іздеу-зерттеу құзіреттілігін қалыптастыру арқылы, кәсіби –қатысым дағдысын дамыту. Студенттерге берілген зерттеу мақсаты-студенттер жұппен жұмыс жасау кезінде журналисттік зерттеу жүргізу арқылы, педагогика саласының қазіргі жағдайын анықтап, мәселелер бойынша шешімін анықтайтын жолдарды көрсету. Студенттерге берілген зерттеу міндеттері- тапсырмада мүмкіндігінше әртүрлі мектептерде (мемлекеттік, жеке, халықаралы) мұғалім болып жасайтын мамандардан сұқбат алу арқылы ақпарат жинақтау; Қазақстанды және шетелдік орта білім беру саласындағы айырмашылықтар мен ұқсастықтарды талдау; Қазақстандағы мұғалімдік мамандықтың ерекшелігін, артықшылықтарын анықтау; мұғалім мамандығында болатын қиыншылықтарын көрсету; мұғалім статусын көтерудің жолдарын көрсету, қорытынды жасау болды.

Студенттердің зерттеу жұмысы бес кезеңнен тұрады:

1. Когнитивті-концептуалды-студенттердің жұпқа бөлініп, зерттеу әдістерін анықтау қажет. Мысалы, педагогика саласында жұмыс жасайтын мамандардан сұқбат алу (видеоконференция немесе тағы да басқа АТК қолдану арқылы), интернет желісін қолдану және бақылау жүргізу, баспа

материалдарын зерделеу арқылы педагогикаға, білім беру саласына байланысты қажетті ақпараттар жинақтау, мұғалімдік мамандығы бойынша білім алып жатқан студенттерден пікір алмасу, соңғы білім беру саласына енгізген заңнамаларды қарастыру.

2. Ақпаратты-аккумулятивті-жиналған ақпараттармен материалдарды жүйелеп, саралау.

3. Прагма-репрезентациялық-сарапталып алған материалдарға талдау жасау, мәселерді анықтау, мүмкін болатын шешімдерін болжау.

4. Аналитикалық бағалау -жасалған жұмыстардың нәтижесін ортаға салу, талқылау. Студенттер өз жұмыстарын видео роликтер (алған сұқбаттарының таспасы, пікірталас кезіндегі видеолар, жасаған қорытындыларын кішігірім бағдарлама ретінде көрсету) арқылы, Power Point, Canva және тағы басқа презентация түрлерін қолданып, жасаған зерттеу жұмыстарының нәтижесін диаграмма, моделдеу, кесте арқылы көрсету.

5. Полемика-аргументациялық-студенттердің жұмысына талқылау, студенттер арасында пікір білдіру, өздеріне алған пайдалы жақтары мен болашақта ескеру керек кемшіліктер туралы айту.

Студенттер жұмыстарын аяқтағаннан кейін сауалнамаға жауап беру керек болды. Сауалнаманың негізгі мақсаты осындай тапсырмалар орындау арқылы студенттердің кәсіби-қатысымдық және зерттеу құзіретінің дамуына қаншалықты пайдасы бола алатынын анықтау.

Нәтижелер

Іздеу-зерттеу жұмысының нәтижесінде тапсырмада берілгендей журналистік зерттеу мақаласын жазу керек болды. Алдымен студенттер жұптарымен зерттеу жұмыстарын кезеңмен қалай іске асырғаны туралы презентация дайындау қажет. Студенттердің көрсеткен презентация негізінде оқытушы зерттеу жұмысы туралы өз тұжырымдамасын алдын-ала дайындалған бағалау критерилері арқылы жасады. Сондай-ақ, студенттерге презентация барысында жұмыстарының ерекше тұстарына қолдау көрсетіп, кеткен кемшіліктеріне ескерпелер мен мүмкін болатын түзетулердің түрлерін ұсынды. Студенттердің зерттеу жұмысының нәтижесін келесі 3-кестеде көрсетсек болады.

Кесте 1-Студенттердің зерттеу жұмысының баллдық нәтижесі

Топ	Когнитивті- концепт- уалды-15 балл	Ақпаратты- аккумулятивті-15 балл	Прагма- репрезента- циялық-20 балл	Аналитико- бағалау-25 балл	Полемика- аргумента- циялық-25 балл	Барлығы -100 балл
1-жүп	13	14	17	18	18	80
2-жүп	14	14	19	22	22	91
3-жүп	14	14	18	19	19	84
4-жүп	12	13	17	17	18	77

5-жұп	13	13	18	22	23	89
6-жұп	14	12	19	23	24	92
7-жұп	14	14	18	21	22	89
Ор- таша балл	13,4	13,4	18	20,2	23,8	86

Талқылау

Келесі кезекте студенттердің зерттеу жұмысының соңғы нәтижесі ретінде жазған мақалаларын тапсыру қажет болды. Бұл кезде, студенттер мақаланың түріне мән бере әртүрлі мақалаларға талдау 2-курс бағдарламасы бойынша өткендіктен қиындық тудырмауы керек болған. Десек те, студенттерге басқа да мақалалар түрлеріне тағы бір шолу жасап, мақаланы жазу ерекшеліктері мен ережелерімен тағы бір рет таныстырылды. Студенттер жұппен жұмыс жасағандықтан екі студент бір мақала жазуға міндеттелді.

Жасалған іздеу-зерттеу жұмысының және сауалнаманың нәтижесінде 14 студенттің 12 берілген тапсырма өте қызықты болған. Оған келесідей себептер көрсеткіш бола алады:

1. Студенттер өздерінің мамандығынан басқа журналист мамандығының қыр-сырын түсінуге жол ашқан;

2. Мұғалімдермен ағылшын тілінде сұқбат алу кезінде көптеген тақырыпқа қатысты терминдер мен жалпы түсініктерді қарап зерттеу кезінде білімдерін көтере алған, оны қолданысқа енгізген;

3. Мұғалімдерден сұқбат алу барысында өздерін тең дәрежелі маман ретінде сезіну арқылы өздеріне сенімділігін арттырған;

4. Мұғалімдік мамандықтың қоғамдамуына жасап жатқан ерен еңбектері мен беретін қажыр- қайратының бағалануын қарастыруды ескерген;

5. Мұғалім болу да, журналист болу да өз қиындықтары мен қызықтарымен қатар жеке тұлға ретінде дамуына септігін тигізетін мамандық екенін пайымдаған;

6. Шетел тілі иесінен (халықаралық мектеп мұғалімдері) сұқбат алу барысында, формальды емес жағдайда сөйлесу шынай тілдік тәжірибе берді;

7. Шетелдік практикамен салыстырмалы түрде отандық білім беру үрдісінің ерекшеліктерін ажыратуға мүмкіндік беретін ақпараттар алды;

8. Іздеу-зерттеу жұмысын тек теория ғана емес, қызықты тәжірибемен де ұластыруға болатынын аңғарған;

9. Іздеу-зерттеу жұмыстары арқылы кәсіби дамуға мүмкіндіктер көп екеніне көз жеткізген.

Қалған екі студентке зерттеу жұмысына қатты ынталы емес екенін аңғартты. Берілген себептерге сүйенсек студенттер жалпы зерттеу туралы түсініктерін кеңейту керек екенін және кәсіби дамуға қызығушылығын арттыру керектігін түсінгенін байқаған.

Студенттердің өздерінің тұжырымдамасы бойынша сабақ үрдісінде еркіндік көбірек берілген сайын, жауапкершіліктің де арта түсетіні және бір тақырыпты зерттеу үшін белсенді әдіс түрі қолданылғаны олардың шынайы кәсіби әлемді сезінуге көмектескенін жеткізді. Кәсіби-қатысым барысында студенттердің өз ішіндегі сенімсіздіктерді жеңіп, әр аймақтағы мұғалімдермен сұқбат жасау ерекше кәсіби мақтанышқа жетелейді, студенттердің бір саты кәсіби және қатысым қабілеттіліктерін арттыруға көмектескенін жеткізді.

Цифрлы технологияларды қолдану студенттер айтарлықтай қиындықтарға кездеспеген, дегенмен кей жағдайларда, атап айтсақ мәліметтерді жинақтауда (онлайн сұқбат) сараптауда (моделдеу) және талдауда, тұжырымдауда (диаграмма немесе автоматты мәліметтерді классификациялау), қолдануға болатын программаларды жетік меңгеру керектігіне көз жеткізген. Ескере кететін тағы бір жағдай цифрлы технологиялармен ақпараттар мен деректерді іздеу кезінде көп уақыт ұтуға болатыны, тек ақпарат көздерінің тексерілген сайттар мен сенімді болуына көз жеткізу қажет болады.

Қиындық тудырған тағы бір мәселе, студенттердің мақала жазу барысында барлық шарттардың аясынан шығып кету қаупі болғандығында. Сондықтан мақала жазудан тәжірибе жинақтау да алдағы кездегі студенттер өздеріне қойған шарт болды.

Жалпы студенттердің жасаған жұмыстары мен нәтижелеріне қарай осы форматта зерттеуге бағытталған тапсырмалар сабаққа ынтасын арттырып, студенттердің жаңа қабілетін ашуға көмектесетінін байқадық. Оған сабақ барысында аса белсенділік таныта қоймайтын студенттердің де берілген тапсырманы өз деңгейінде жақсы атқарып шыққаны дәлел бола алады. Студенттердің күш-жігерін жүйелі түрде пайдалы салаға бұру үшін белсенді оқыту әдістемесінің септігі мол. Сол себепті студенттерге бір сарынды емес әртүрлі тапсырмаларды дайындаса оқу үрдісі тек қызықты ғана емес пайдалы әрі болашақ мамандыққа тәжірибе жинақтау бола алады.

Қорытынды

Шетел тілін оқытатын мамандарға заман өзгерістеріне сай талаптар да жоғарылай түсуде. Сондықтан болашақ мұғалімдердің сапалы білім алып, еңбек қызметтерін жоғарғы деңгейде атқаруға ат салысу үшін университет қабырғасында бастапқы курстардан бастап қажетті құзіреттіліктерді қалыптастырып, оларды ары дамытуға ыңғайлы жағдай жасау қажет. Қазіргі білім беру үрдісінде зерттеулерді жүргізуге өте тиімді технологиялар мен техникаларды қолданса болады. Дұрыс таңдалған технология білім берудің тиімділігін арттырмаса, кемітпейді. Ал, кәсіби-қатысымдық құзіреттілік мұғалімдерде маңызды құзіреттіліктердің бірі болғандықтан, оны іздеу-зерттеу жұмыстарын дағдыландыру арқылы дамыту тиімді тәсілдің бірі ретінде қарастыруға болады. Бұл жерде іздеу-зерттеу құзіретінің кәсіби дамуға және кәсіби қызметке беретін мүмкіндіктерін де ескерген дұрыс. Сонымен зерттеу құзіреттілігін қалыптастыру арқылы кәсіби-қатысымдық

дағдысын дамытудың мүмкіндіктері мен жолдары шетел тілінде білім беру үрдісінде мүмкін екені белгілі болды.

Болашақ мамандарды бір демде барлық қажетті құзіреттілікті қалыптастыра салу мүмкін емесі анық, тек оны жүйелі түрде, басқа да қабілеттіліктерді сабақтастыра қалыптастыруды ұйымдастырған абзал. Дегенмен, әрбір жасалған қадам студенттердің кәсіби шыңдалуына бастама болуы қажет екені анық.

ӘДЕБИЕТ

[1] «Педагог» кәсіптік стандартын бекіту туралы.Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 500 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 19 желтоқсанда № 31149 болып тіркелді. URL:<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200031149> [Қаралған күні: 8.11.2024].

[2] Рындина, Ю. В. Исследовательская компетентность как психолого-педагогическая категория //Молодой ученый. - 2011. - № 1 (24). URL: <https://moluch.ru/archive/24/2553/> [Дата обращения:10.11.2024].

[3] Семенова Н.А. Исследовательская деятельность учащихся. // Начальная школа. -2007.- №2. - 45с.

[4] Кунанбаева С.С. Теория и практика современного иноязычного образования. -Алматы, 2010. - С.150-152

[5] Кузнецов И. Н. Научное исследование: Методика проведения и оформление.// 2-е изд., перераб. и доп. Москва, 2006. - С. 4-14

[6] Джусубалиева Д. М.,Шарипов Б. Ж., Тахмазов Р.Р. Массовые открытые онлайн курсы- этапы создания и реализации MOOK для организации дистанционного обучения.-Алматы, 2018.- С.15-21

[7] Kunanbaeva S.S. The modernization of foreign language education: the linguocultural - communicative approach.- United Kindom, 2023. – P.48-54

[8] Кунанбаева С.С. Концептологические основы когнитивной лингвистики в становлении полиязычной личности.-Алматы, 2017.- С.18-23

[9] Сыздыкбаева А. Д. Формирование исследовательских компетенций будущего учителя начальных классов - докторская диссертация.- Алматы, 2016.- С.35-37

[10] Royal K., Understanding Reliability in Higher Education. Student Learning Outcomes Assessment. Quality Approaches in Higher Education. -2011. - pp.8-16

REFERENCES

[1] “Pedagog” kasiptik standartyn bekitsu turaly.QazaQstan Respublikasy Oqu-agartu ministrinin m.a. 2022 zhylygy 15 zheltoqsandagy № 500 bujrygy. Qazaqstan Respublikasynyn Adilet ministriliginde 2022 zhylygy 19 zheltoqsanda № 31149 bolyp tirkeldi. (On the approval of the professional standard “Teacher” Order No. 500 of the Acting Ministry of Education of the Republic of Kazakhstan dated December 15, 2022. Registered with the Ministry of Justice of the Republic of Kazakhstan on December 19, 2022 No. 3 1149) Zaregistririvan v Ministerstve

yusticii Respubliki Kazahstan 19 dekabrya 2022 goda №31149. URL:<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200031149> [Qarakgan kuni: 8.11.2024]. [In Kaz]

[2] Ryndina, YU. V. Issledovatel'skaya kompetentnost' kak psihologo-pedagogicheskaya kategoriya (Research competence as a psychological and pedagogical category) / YU. V. Ryndina. — Tekst : neposredstvennyj // Molodoj uchenyj. -2011.-№ 1 (24). URL:<https://moluch.ru/archive/24/2553/> [Data obrashcheniya:10.11.2024]. [In Rus]

[3] Semenova N.A. Issledovatel'skaya deyatel'nost' uchashchihsya. Nachal'naya shkola. (Students' research activities. Elementary school.) №2.-2007.- 45с. [In Rus]

[4] Kunanbayeva S.S. Teoriya i praktika sovremennogo inoyazychnogo obrazovaniya (Theory and practice of modern foreign language education) - Almaty, 2010.- S.150-152 [In Rus]

[5] Kuznecov I. N. Nauchnoe issledovanie: Metodika provedeniya i oformlenie. (Scientific research: Methodology and design) 2-e izd., pererab. i dop. Moskva, 2006.- S.4-14 [In Rus]

[6] Dzhusubalieva D.M., Sharipov B. Zh., Tahmazov R.R. Massovye otkrytye onlajn kursy- etapy sozdaniya i realizacii MOOK dlya organizacii distancionnogo obucheniya. (Massive open online courses are the stages of creating and implementing MOOCs for distance learning.) Almaty, 2018.- S.5-21 [In Rus]

[7] Kunanbaeva S.S. The modernization of foreign language education: the linguocultural - communicative approach. United Kindom, 2023.- P. 48-54

[8] Kunanbaeva S.S. Konceptologicheskie osnovy kognitivnoj lingvistiki v stanovlenii poliyazychnoj lichnosti. (The conceptual foundations of cognitive linguistics in the formation of a multilingual personality.) Almaty, 2017. -S.18-23 [In Rus]

[9] Syzdykbaeva Ajgul' Dzhumanazarovna, Formirovanie issledovatel'skih kompetencij budushchego uchitelya nachal'nyh klassov. (Formation of research competencies of a future primary school teacher)- doktorskaya dissertaciya, Almaty, 2016.- S.35-37 [In Rus]

[10] Royal, K., Understanding Reliability in Higher Education. Student Learning Outcomes Assessment. Quality Approaches in Higher Education. -2011. - P.8-16

ПРОФЕССИОНАЛЬНАЯ ЗНАЧИМОСТЬ ФОРМИРОВАНИЯ ПОИСКОВО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОЙ КОМПЕТЕНЦИИ У УЧИТЕЛЯ ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА

*Адилжанова У.Р.¹, Аскарова Г.К.², Алиева Б.А.³

*^{1,3}Казахский университет международных отношений и мировых языков
имени Абылай хан, Алматы, Казахстан

²Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Алматы, Казахстан

Аннотация. Поисково-исследовательская компетентность учителей иностранного языка рассматривается как один из требований на рынке

труда и отмечает особую значимость в профессионально-коммуникативной деятельности. Рассматривает, что обучающиеся, начиная с начальных курсов, помимо проведения исследовательской деятельности, дают возможность раскрыть личностные способности, развивают корпоративные навыки участвуя в работе в команде. В теории статьи рассматриваются виды исследовательских деятельности, обсуждаются преимущества и возможности поисково-исследовательской деятельности будущих специалистов для развития как профессионал, так и личность. Цель статьи- определить теоретическую и практическую значимость поисково-исследовательской компетенции через развитие профессионально-коммуникативных навыков будущих учителей, лингвистов.

Кроме того, когда живое общение с носителями языка в профессиональной сфере может сопутствовать развитию профессионально-коммуникативную навыков вместе с развитием поисково-исследовательской компетенций. Потому что, студенты имеют возможность общаться в свободной форме вне классной обстановке, хотя общение с носителями иностранного языка ведется в рамках определенной темы. В процессе подготовки к интервью или обмену мнениями в рамках поставленной задачи, будущие учителя, собирая и анализируя дополнительную информацию о своей профессии, готовятся к коммуникации в нужном стиле и пытаются внедрить ее в реальную жизнь. Тем самым развивается профессионально-коммуникативная умения и навыки.

При выполнении заданий, направленных на исследование, цифровые умения могут развиваться с помощью подготовки видеоматериалов или презентации в цифровом формате, проявляться корпоративные навыки при работе в парах. Рассматривает пути развития профессионально-коммуникативных компетенций будущих специалистов иностранного языка через формирование исследовательских умений, знаний и навыков как одно из социальных заказов, необходимых для становления высококвалифицированными специалистами на рынке труда и в сфере образования.

Ключевые слова: поисково-исследовательская деятельность, профессиональная коммуникативная навыки, учитель иностранного языка, личность, исследовательская компетенция, цифровая технология, учебный процесс, личностные качества

THE PROFESSIONAL IMPORTANCE OF THE FORMATION OF SEARCH AND RESEARCH COMPETENCE OF A FOREIGN LANGUAGE TEACHER

*Adilzhanova U.R.¹, Askarova G.K.², Alieva B.A.³

*^{1,3}Kazakh Ablai khan university of international relations and world languages,
Almaty, Kazakhstan

²Abai Kazakh national pedagogical university, Almaty, Kazakhstan

Abstract. Considering the search-research competence of Foreign Language teachers as one of the requirements in the labor market, it testifies to the special

importance of activities for development of professional-communicative skills. It shows that students, starting from the first courses, not only acquire the skills of search-research activities, but also allow them to develop their personal abilities, activating them to work in pairs. The theory of the article considers the types of research activities and discusses the benefits and opportunities for the formation of future specialists as professionals and individuals. The aim of the article is to highlight the theoretical and practical importance of developing professional-communicative skills through search-research work of future teachers and linguists.

At the same time, it improves professional and communicative skills along with the development of search-research competence. Because students have the opportunity to communicate freely outside of the classroom, even if they communicate with native speakers within a certain topic. In preparation for an interview or exchange of views within the framework of the topic, future teachers try to put into practice professional-communicative skills, collecting and differentiating additional information about their profession, preparing to communicate in the necessary style. Thus, professional and communicative skills are developed.

When performing research-oriented tasks, digital skills can be developed through the preparation of video materials or presentations, and corporate skills can be demonstrated while working in pairs. It provides for the development of professional and communicative competence of future foreign language specialists in the field of education, through the formation of the search-research skills, knowledge and skills which are necessary to become a highly qualified specialist in the labor market.

Key words: search-research activity, professional and communicative skills, foreign language teacher, personality, research competence, digital technology, teaching process, personal qualities

Авторлар туралы мәлімет:

Адилжанова Умит Рахимбаевна-білім магистрі, аға оқытушы, Абылай хан атындағы қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдер университеті, e-mail: umit04@mail.ru

Аскарова Гульнара Каналбековна-педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Абай атындағы ұлттық педагогикалық университеті, Сорбонна Қазақстан институты, e-mail: nur_ask@mail.ru

Алиева Баглан Аскаровна-білім магистрі, оқытушы, Абылай атындағы қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, e-mail: baglan-20@mail.ru

Информация об авторах:

Адилжанова Умит Рахимбаевна- магистр образования, старший преподаватель, Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана, e-mail: umit04@mail.ru

Аскарова Гульнара Каналбековна-кандидат педагогических наук, доцент КазНПУ имени Абая, Институт Сорбонна, e-mail: nur_ask@mail.ru

Алиева Баглан Аскарровна-магистр образования, преподаватель, Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана, e-mail: baglan-20@mail.ru

Information about authors:

Adilzhanova Umit Pakhimbaevna- master of education, senior teacher, Kazakh Ablai khan university of international relations and world languages, e-mail: umit04@mail.ru

Askarova Gulnar Kanalbekovna-candidate of pedagogical sciences, associate professor, Abay Kazakh national pedagogical university, Institute of Sorbonne, e-mail: nur_ask@mail.ru

Alieva Baglan Askarovna-master of education, teacher, Kazakh Ablai khan University of International Relations and World Languages, e-mail: baglan-20@mail.ru

Мақала түсті: 7 ақпан 2025